

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 7-1/221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 шілдеде № 11593 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.01.2018 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев
2 сәуір 2015 жыл
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
9 маусым 2015 жыл

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 13 наурыздағы
№ 7-1/221 бұйрығымен
бекітілген

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар), "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау – ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың білімін және кәсіби біліктілігін бағалау мақсатында жүргізілетін кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын рәсім;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның комитеті;

3) тестілеу – тестілік тапсырмаларды пайдалана отырып жүргізілетін аттестатталушының теориялық білімін және практикалық дағдыларын тексеру нысаны;

4) ведомствоның аумақтық бөлімшелері – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан ведомствоның аумақтық бөлімшелері (облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қала, астана).

3. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері (бұдан әрі – ЖАО бөлімшелері) жүргізеді.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аттестаттау, осы заңды тұлғаның ветеринариялық мамандарын аттестаттау жолымен жүргізіледі.

Ветеринариялық маман аттестаттаудан өткен және ол басқа заңды тұлғаға жұмыс істеуге өткен жағдайда, маманды аттестаттау мерзімі аттестаттаудан өткізілген сәттен бастап есептеледі және аттестаттауды нәтижелері үш жыл бойында жарамды.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Кәсіпкерлер), ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кейінгі үш жыл өткен соң аттестатталуға тиіс.

4. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады: тестілеу және әңгімелесу, олар бір күнде өткізіледі.

Егер мәлімдемемен бірге (кемінде 10 жылдық жұмыс тәжірибесі бар, білім беру қызметіне мемлекеттік лицензиясы бар оқу орындарда аттестацияланатын мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарын тамамдаған) аттестаттауға мәлім етілетін облыстағы жұмыстың түбегейлі тәжірибесі туралы куәландыратын құжаттарды ұсынса, кәсіпкерлерге тестілеуді өткізусіз аттестациядан өтуге рұқсат етіледі.

2. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау тәртібі

5. Аттестаттауға дайындық рәсімі мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) Аттестаттау үшін қажетті құжаттарды дайындау;

2) аттестаттау кестелерін әзірлеу және бекіту;

3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;

4) аттестаттаудың мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру;

5) аттестаттау басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей кәсіпкерлерді оны өткізу мерзімі туралы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар ету;

6) аттестаттауға жататын тұлғалардың құжаттарын қабылдау және талдау.

6. Аттестаттау үшін ЖАО бөлімшелері аттестациялық комиссияларды (бұдан әрі – комиссия) құрады, аттестаттауға жататын адамдардың тізімін, тестілеу сұрақтарын айқындайды және аттестаттау мерзімін, жұмыс кестесін белгілейді.

Комиссия комиссия мүшелерінен және хатшысынан құрылады. Комиссия мүшелерінен ЖАО бөлімшесінің басшысы төрағаны тағайындайды. Комиссия мүшелері тақ болуы және кемінде бес адамнан болуы керек.

Комиссия төрағасы отырыстарда төрағалық етеді, қабылданатын шешімге жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.

Комиссия құрамына жоғарғы ветеринариялық білімі бар, тәжірибелі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес тұлғалар кіреді. Комиссия құрамына ЖАО бөлімшелерінің өкілдері және 50 пайыздан кем емес қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бұдан басқа ведомствоның аумақтық бөлімшелердің мамандары келісім бойынша кіреді.

Комиссия хатшысы комиссияның отырысына тиісті материалдарды дайындайды және ол өткенінен кейін хаттаманы ресімдейді. Хатшы комиссияға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

7. Кәсіпкер жазбаша хабар алғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей электрондық нысанда "электрондық үкімет" веб-порталына немесе қағаз нысанында комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) соңғы үш жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы куәліктердің (сертификаттардың) көшірмелері;
- 3) ғылыми дәрежесінің, атағының бар болуы туралы дипломның көшірмесі (бар болса).

8. Тестілеу қағаз тасымалдаушыда тест сұрақтарын қолдану арқылы жүргізіледі (бір сұрақ бір ұпайға теңеледі, барлығы жүз сұрақ).

Тест тапсырмаларын орындауға берілетін жалпы уақыт тоқсан минутты құрайды.

Тестілеудің нәтижесін есептеуді дұрыс жауаптар кодтарын қолдану арқылы комиссия өткізеді.

Комиссия құрамының кемінде үштен екісі қатысқан кезде нәтижелер заңды деп саналады.

Сұрақтардың жалпы санынан жетпіс және одан көп пайыз дұрыс жауап алған жағдайда тестілеудің нәтижесі өтті деп саналады және тестілеу өткен күннен бастап бір жыл мерзімге жарамды.

Кәсіпкерге тестілеудің нәтижелері осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жолданады немесе қолма-қол табысталады.

9. Тестілеуден өтпеген кәсіпкер аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді (әңгімелесу).

Қайта тестілеу осы қағидаларға сәйкес бастапқы тестілеу өткен күннен бастап алты айдан кейін өткізіледі.

10. Әңгімелесуді теориялық және практикалық сұрақтар бойынша комиссия мүшелері өткізеді, қойылатын сұрақтың саны бес сұрақтан артық емес.

Дауыс беру нәтижелері ашық түрде комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы дауыс бере алмайды.

Әңгімелесудің нәтижелері бойынша комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) қайта әңгімелесуге жатады;
- 3) аттестатталмады.

11. Қайта әңгімелесу осы қағидаларда айқындалған тәртіппен бастапқы әңгімелесу өткен күннен бастап бір айдан соң өткізіледі.

Комиссия, қайта әңгімелесу қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталған жоқ.

Аттестаттаудан теріс нәтиже алған кәсіпкер осы қағидаларда белгіленген тәртіппен аттестаттау нәтижесін алған күннен бастап бір жыл өткен соң қайтадан аттестаттауға қатысуына болады.

12. Комиссияның шешімі "электрондық үкімет" веб-порталында қалыптастырылатын және отырысқа қатысқан комиссиясы төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылатын хаттамамен ресімделеді.

Кәсіпкер комиссияның шешімімен аттестаттаудан өткен күні танысады.

Комиссияның қабылданған шешімдері осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағына енгізіледі, "электрондық үкімет" веб-порталында электрондық түрде ресімделеді, қағаз нұсқасы аттестаттау аяқталғаннан кейін кәсіпкерге табысталады.

Кәсіпкердің аттестаттау парағы, тестілеу нәтижелері, отырыс хаттамасы үш жыл мерзімінде аттестаттауды өткізген органда сақталады. Аттестатталғандар туралы ақпарат ЖАО бөлімшелерінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Комиссияның шешімдеріне шағымдану

13. Аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, сондай-ақ аттестаттауды өткізу кезінде туындаған даулы мәселелер кезінде кәсіпкер комиссияның шешіміне шағымдануына болады.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын
жеке және заңды тұлғаларды
аттестаттау қағидаларына
1-қосымша

Нысан/форм

(ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды
тұлғалардың атауы, мекен жайы, тегі,
аты және әкесінің аты (бар болса)/
наименование, адрес, фамилия,
имя и отчество (при наличии)
физических и юридических лиц,
осуществляющих предпринимательскую
деятельность в области ветеринарии)

Хабарлама

Уведомление

ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау туралы/об аттестации физических и юридических лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность в области ветеринарии

(ЖАО бөлімшелерінің атауы/наименование подразделения МИО)

Сізге хабарлайды/уведомляет Вас _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)/

фамилия, имя и отчество (при наличии))

Жұмыс орны және лауазымы/Место работы и должность _____

ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау туралы/о аттестации физических и юридических лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность в области ветеринарии.

Аттестаттаудың ұсынылатын күні және уақыты/Предлагаемая дата и время аттестации "___" _____ 20__ жыл/год сағат __:__ час

Аттестаттауды жүргізу орны/Место проведения аттестации _____

Қолы/Подпись _____

(лауазымды тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)/ фамилия, имя и отчество (при наличии) должностного лица)

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларына 2–қосымша

Нысан/форм

(ЖАО бөлімшелерінің атауы/ наименование подразделения МИО)

(үміткердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)/фамилия, имя, отчество (при наличии) претендента)

Тұрғылықты мекен жайы, байланыс телефоны/Адрес проживания, контактный телефон

Өтініш/Заявление

Сізден ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттауға рұқсат беруіңізді сұраймын/Прошу Вас допустить к аттестации физических и юридических лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность в области ветеринарии.

Қоса беріліп отырған құжаттар/Прилагаемые документы:

1. _____

— 2. _____

— 3. _____

— 4. _____

(үміткердің қолы/подпись претендента)

(толтырылған күні/дата заполнения)

*үміткердің өтініші өз қолымен толтырылады/заявление претендента
заполняется собственноручно

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын
жеке және заңды тұлғаларды
аттестаттау қағидаларына
3-қосымша

Нысан/форм

Тестілеудің нәтижелері

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

— 2. Ветеринария саласындағы маман жүзеге асыратын қызметтің түрі (кіші
түрі) _____

3. Лицензия нөмірі (бар болса): _____

4. Білімі: _____

5. Туған жылы: " ____ " _____ ЖЫЛ

6. Жынысы: _____

7. Ұлты: _____

8. Тестілеу өткізу орны: _____

№ р/с	Тесттің атауы	Өту пайызы	Тесттегі сұрақтардың саны	Дұрыс жауаптардың саны	Нәтиже

Комиссия төрағасы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Комиссия хатшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Атестаттау өткізілген күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

аттестаттау парағымен таныстым _____

(кәсіпкердің қолы және күні)

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын
жеке және заңды тұлғаларды
аттестаттау қағидаларына

4 – қ о с ы м ш а

Нысан/форм

Аттестациялық парақ

Аттестатталушы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы " ____ " _____ жыл

Білімі туралы мәліметтер _____

Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы 3 жылдағы) _____

Жалпы еңбек өтілі _____

Мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____

Біліктілік санатын беру туралы маман сертификатының болуы немесе болмауы _____

Тестілеу нәтижелері _____ %

Отырысқа _____ комиссия мүшелері қатысты

Дауыстар саны:

_____ "иә" деп дауыс берді

_____ "қарсы" деп дауыс берді

_____ "дауыс беруден қалыс қалғандар"

Комиссия шешімі _____

Комиссия төрағасы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Комиссия хатшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Аттестаттау өткізілген күн 20 ____ жылғы " __ " _____

аттестаттау парағымен таныстым _____

(аттестатталушы адамның қолы және күні)